«8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мансурова Эльнара Жолдашқызының «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» атты диссертациялық жұмысының отандық ғылыми кеңесшісі Г.Ж. Орданың

ПІКІРІ

Қорғауға ұсынылып отырған Э.Мансурованың «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының зерттеу бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 2025-2027 жылдары жүзеге асатын AP26101121 «Қазақ детективі: тарихы, формалары, функциялары» ғылыми-зерттеу жобасы аясында орындалып отыр.

Тақырыптың өзектілігі дау туғызбайды. XX ғасырдағы қазақ повестері бұған дейін зерттелгенмен, қазіргі таңда жазылып жатқан шығармалар ғылыми айналымға түскен жоқ. Диссертация деңгейінде зерттелген біршама зерттеулерде аталған жанр жекелеген тақырып аясында зерттелген болатын. Ұсынылып отырған жұмыста қазіргі әдеби процеске баға беріліп, Е. Тоқтарұлының «Сахара үні» (2000), Т.Әбдіктің «Парасат майданы» (2001), Е. Аманшаев «Албасты туралы аңыз» (2001), Т. Ахметжан «Сұлу мен суретші» (2003), «Нобель сыйлығы» (2003), М.Мағауин «Қыпшақ аруы» (2004), Ж. Қорғасбек «Өмірден қымбат» (2004), Ш. Бейсенова «Сүзгеннің соңғы күндері» (2008), Н. Ақыш «Сезім жетегіндегі жігіт» (2010), Қ. Жұмаділов «Көкжал» (2011), Б. Қойшыбаев «Ғарышқа жаяу саяхат» (2011), Е. Аманшаев «Балкон» (2013), Р. Отарбаев «Шыңғыс ханның көз жасы» (2014), Қ. Әмірбек «Ескендеме» (2016), Қ.Мұбарак «Айдын соңғы сәрсенбісі» (2018), А. Елгезек «Болмаған балалық шақ» (2020), Қ. Әбілқайыр «Жылан кегі» (2020), Ж. Әнесұлы «Ақан мен Жаһан салған азаттық жолы» (2020), Қ. Әбілқайыр «Қарағайлы күмбез» (2021), М. Анарбекұлы «Шымкенттегі шырғалаң» (2021), А. Хонж «Екеудің көлеңкесі» (2021), Қ. Сәттібайұлы «Тәтті ертегі» (2022), «Әппақ шар туралы әуезе» (2022), С. Досжан «Ауылдан шыққан миллионер» (2024), Ғ. Сәдірқызы «Айбиби» (2025), Қ. Әбілқайыр «Жүректің көз жасы» (2025) тәрізді шығармалар ғылыми айналымға түсті. Аталған туындылардың көпшілігін оқырман сүйіп оқиды, түрлі әдеби байқауларда жүлделі орындарды иеленді.

Тақырыпты зерттеу барысында жұмыста кеңінен қолданылған антропоморфизм тәсілі, гибридті жанр, киноповесть, мифопоэтика, модификация, экзистенциализм, эпистолярлық жанр және көптеген әдеби терминдерге анықтама берілді.

Ізденуші қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік ізденістерді повесть жанрындағы мазмұндық, түрлік ізденістермен айшықтады. XXI ғасыр әдебиетіндегі мистикалық повесть, повесть-эссе, повесть-ертегі, киноповесть,

сатиралық, фантастикалық сияқты гибридті жанрлардың өзіндік ерекшеліктерін жекелеген шығармаларға талдау жасау арқылы көрсетті.

Әдеби-теориялық талдау мен цифрлық мәтінталдаудың өзара сабақтастығын көрсетуде «Voyant Tools» жүйесі құрал ретінде пайдаланылып, лексикалық сөздер, баяндау формасы, эмоциялық тон сияқты өлшенетін көрсеткіштер арқылы мәтіннің стильдік профилін ұсынды.

Диссертанттың негізгі жетістігі – повесть жанрының классификациясын жүйелеуі, детективті және деректі повестерді талдауға арналған үлгі ұсынуы, дәстүрлі және цифрлық тәсілдердің сабақтастығын айқындайтын аралас талдау моделін ұсынуы.

Жұмыстың ғылыми аппараты диссертанттың тақырыпты зерттеу аясында пайдаланған 180 әдебиетінен көрініп тұр. Автор повесть жанрын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып ғылыми пайымдау жасаған. Ғылыми этикасын сақтай отырып, тақырып зерттеушілерінің еңбектеріне сүйеніп отырған.

Мансурова Эльнара Жолдашқызының «Қазіргі қазақ повестеріндегі жанрлық және стильдік ізденістер» атты диссертациялық жұмысын алдына қойған мақсатына жеткен, толық аяқталған, өзіндік айтары бар, әдебиеттануға қосылған тың жұмыс деп бағалап отырмыз. Сондықтан, жұмысты алдын ала қорғауға ұсынып отырмыз.

Отандық ғылыми кеңесші:
М.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының БҒК., ф.ғ.д. **Г.Ж.Орда**

Г.Ж.Орданың қолын
растаймын КАДР БӨЛІМІ
«17» 04 2026 ж. Қолы